

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Сөз тіркесі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
07.11.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/23362/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Қазақ тілі Сабақтың атауы	Уақыты: Сөз тіркесі	Кабинет:	Мұғалім:
Сілтеме Сабақтың жабдығы	Қазақ тілі оқулығының әдістемесі Білімділік: оқушылардың сөйлемдегі сөздердің байланысы туралы түсініктеріне сүйене отырып, сөз тіркесімен таныстыру. Сөз тіркесінің түрлері туралы алғашқы түсінік беру. Сөз тіркесін құрастыра отырып, олармен сөйлем құрауға дағдыландыру; Дамытушылық: алған білімін іс жүзінде қолдана білу арқылы ой — өрісін дамытып, өз ойын толық жеткізе білуге баулу, сөздік қорын молайту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, оқушылардың топпен жұмыс істеу, есте сақтау, зерделеу қабілеттерін дамыту; Тәрбиелік: оқушыларды сауаттылыққа, дұрыс мәдениетті сөйлей білуге, жылдамдыққа, ұқыпты таза жазуға, Отанын сүйуге тәрбиелеу. Сабақтың көрнекілігі: оқулық, ойын құралдары, деңгейлік тапсырма, үлестірме қағаздар, ереже, т.б.		
Жалпы мақсаттар	Сыныпты жыл мезгілдеріне қарай төрт топқа бөлу. Күз айында туылғандар 1 — топ, қыс айында дүниеге келгендер 2 — топ, көктем айындағылар 3 — топ, жаз айындағылар 4 — топ болып бөлінеді.		
Оқыту нәтижесі Топқа бөлу	Оқушының іс-әрекеті		
Мұғалімнің іс-әрекеті			
Ынтымақтастық атмосферасы	«5»болсын алар бағамыз. Біліммен бақыт табамыз Өнерменен өрістеп Өсе берсін санамыз Мақсатымыз білім алу, Міндетіміз еңбек ету.		

<b>Үй тапсырмасын сұрау</b>	<p><b>Тест жұмысы.</b></p> <p>1) Алдыңғы сөз соңғы сөзге бағына байланысқан екі не одан көп сөздер тобын ..... дейміз.</p> <p>а) сөйлем мүшесі ә) сөз тіркесі б) күрделі сөз</p> <p>2) Сөйлемдегі сөз тіркесінің байланысын сызба түрінде көрсет</p> <p>а) сыныптың тазалығы жақсы ә) жетінші пәтерде тұрады</p> <p>3) Берілген сөз тіркесін толыққанды етуге жетпей тұрған грамматикалық тәсілді тауып, сөз тіркесін толықтыр.</p> <p>Жақсы.... сөзі, ғалым... хаты, жүн.... тоқу.</p>
<b>Қызығушылықты ояту</b>	<p>Оқулықтағы тапсырмаларды орындау.</p> <p>Берілген жаттығуларды топтарға бөліп орындау.</p> <p>Қосымша шығармашылық тапсырмалар.</p> <p>Сөз тіркесінің қай сөз таптарынан жасалғанын анықтау</p> <p>«Тіркесін тап» ойыны</p> <p>Кодоскопта жазылған сөздерге ауызша тіркестерін тапқызу.</p> <p>Өзен, төсек, көбелек, «Ойлан тап» ойыны</p> <p>Карточкалармен жұмыс.</p> <p><i>Сұрақтар:</i></p> <p>1. Отан туралы мақал айт.</p> <p>2. Қазақтың үш биін ата.</p> <p>3. Бишілер сөзін сөз құрамына талда</p> <p>4. Қазақстанның жер көлемі қанша?</p> <p>5. Қазақстан қай мемлекеттермен шектеседі?</p> <p>6. Өзім сөзден тұрамын, аяқталған ойды құрамын.</p> <p>— Қандай сөз шықты? (Республика күні)</p> <p>— Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қашан қабылданды?</p> <p>— Қазақ КСР-і қай уақыттан бастап Қазақстан Республикасы деп атала бастады?</p> <p>— Тәуелсіздікке байланысты қандай өлеңдер білесіңдер? (жатқа айтқызу)</p>
<b>Мағынаны тану Мәтінді тізбектеп оқу</b>	<p>Еркін ұста дененді, Тарсылдатпай еденді Орнымыздан тұрып ап Жүгірейік бір уақ. Бір, екі, үш, бір, екі, үш. Аяқты алға созайық Тік көтеріп, қозғайық. Тым сылбыр да болмайық Алға қарай озбайық. Бір, екі, үші, бір, екі, үш.</p>
<b>Сергіту сәті</b>	<p>«Кім шапшаң?» ойыны</p> <p>Ол үшін үлгі бойынша сөз тіркесін құрау керек. 3 қатарға бөліп ауызша өткізу.</p> <p>Зат есім+етістік Сын есім+зат есім Сан есім+зат есім</p>
<b>Ой толғаныс</b>	
<b>Үй тапсырмасы</b>	<p>Оқулықтағы тапсырмаларды орындау, ереже жаттау</p> <p>Күнделіктеріне жазады</p>
<b>Бағалау</b>	<p>Бағалау парақшаларын толтыру.</p>

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.